

**Тақырыптық оқу қызметінің тақырыбы: «Мен не үйрендім?».**

**Мақсаты:** Өткен әріптер мен дыбыстардың жазылуын, оқытуын пысықтау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау. Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту;

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы-қозғаушы қызмет түрі.	Балалармен амандасу -Балалар бүгін бізде ерекше оқу қызметі болмақ. Өйткені біз бүгінгі сауат ашу негіздері оқу қызметінен жыл бойы өткенді қайталап, білімімізді пысықтайтын боламыз. Ал сендер дайынсыңдар ма?	Қайырлы таң ұстазым! Қайырлы таң достарым! Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық. -Әрине, дайынбыз.
Ұйымдастыру-ізденушілік.	<b>Ғажайып сәт: Дымбілмес келеді.</b> <b>Дымбілмес:</b> сәлеметсіңдер ме, балалар, апай. Менің атым Дымбілмес. Мен балабақшаны аяқтап, енді мектепке барамын. Бірақ мектепке баруға әлі дайын емеспін. Маған көмектесесіңдер ме? <b>Тәрбиеші:</b> Дымбілмес, біз саған көмектесеміз. Балалар Дымбілмеске көмектесейік, білгенімізбен бөлісейік. Ендеше бірге ойын ойнайық. <b>Дидактикалық ойын: «Дыбыс, сөз, буын».</b> <b>шарты:</b> бейне таспадан иттің, жылқының, машинаның дыбыстары естіліп, балалар сол дыбыстарды ажыратып, буынға бөліп айтады. -Жарайсыңдар, балалар! <b>Дидактикалық ойын: «Сөз құра, тез құра»</b> <b>шарты:</b> әріп текшесін лақтыру арқылы түскен әріпке тез сөз құрап айту және сол сөзге сөйлем құрау. -Тамаша, балалар! <b>Сұрақ-жауап.</b> -Сөйлем дегеніміз не? -Сөйлемнің неше түрі бар? <b>Дидактикалық ойын: «Сөйлем түрлерін тап»</b> <b>шарты:</b> сызба бойынша сөйлем түрлерін ажыратып айту. хабарлы сөйлем-бір нәрсені хабарлап айту. Сұраулы сөйлем –біреуден бір нәрсені сұрау. Лепті сөйлем- қуанышты көңіл-күйді білдіреді. ендеше балалар бәріміз көңіл-күйімізді көтеріп бір сергіп алайық. <b>Сергіту сәті.</b> (телефоннан хабарлама дыбысы естіледі) -Балалар, бізге хабарлама келген сияқты ашып көрейікші. Балалар, бұл не? -Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар? -Әріп дегеніміз не? -Дыбыс дегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар дегеніміз не? -Дауыссыз дыбыстар дегеніміз не? -Балалар ендеше 42 әріпті дауыстап айтып көрейік. -Жарайсыңдар, балалар. <b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>шарты:</b> жұмбақтың шешуінен шыққан сөзге дыбыстық талдау жасау.	-Сәлеметсіз бе.  ойынға белсене қатысады.  сөздерді құрап айтады.  -Бірнеше сөздерден тұратын сөз тіркесі. -Хабарлы, сұраулы, лепті.  -Әріпті көреміз, жазамыз. -Дыбыс-естіміз, айтамыз. -Дауысты дыбыс-еркін, созылып айтылады. -Дауыссыз дыбыс-қысқа айтылады.

	<p><b>Жұмбақ</b>  Өзі үлкен жануар,  Үстінде бір тауы бар. (Нар)</p> <p>Сол аяқ пен оң аяқ  Кезек оны тебеді.  Ол тынымсыз домалап,  Зыр жүріге береді. (Доп)</p>	
<p><b>Жетекші жөндеуші</b></p>	<p><b>Қорытындылау:</b>  -Балалар, бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?  <b>Қимылдық ойын: «Оқу құралдары»</b>  шарты: әуен ырғағымен шапшаң қимылдап сөмкеге оқу құралдарын жинап салу.  -Жарайсыңдар, балалар. Дымбілмес сен біздің балалардан көп нәрсені үйреніп алдың. Енді бәрін білесің мектепке баруға дайынсың. Саған осы сөмкені сыйлаймын.  <b>Дымбілмес:</b> рақмет, балалар, апай. Мен сендерден көп нәрсені үйреніп алдым. Енді мектепке менде баратын болдым. Сау болыңдар.  -Міне, балалар, Бүгінгі оқу қызметінде өз білімдеріңді жақсы көрсеттіңдер. Әріптің барлығын танып білдіңдер. Осымен бүгінгі сауат ашу негіздері оқу қызметіміз аяқталды.  <b>Мадақтау:</b> оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>-Ұнады.</p> <p>-Білім күні.</p>

#### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** әріптер мен дыбыстарды;

**Игерді:** тапсырма арқылы әріптерден сөз құрауды, сөздерді буынға бөлуді.

**Меңгерді:** әріптер мен дыбыстардың және дауысты, дауыссыз дыбыстардың ережелерін, дыбыстардың айтылуы мен дыбыстық талдауды.